

Тақырыбы: «Танысайық! Бірге – бала игілігі үшін»

Мақсаты:

Ата-аналармен сенімді қарым-қатынас орнату, консультациялық пункттің жұмысымен таныстыру және өзара танысу.

Жүргізушінің сөзі:

– Қайырлы күн, құрметті ата-аналар! Сіздерді балабақшамыздың консультациялық пунктінде көргенімізге өте қуаныштымыз. Бүгін біз бір-бірімізбен танысып, алдағы ынтымақтастығымыздың негізін қалаймыз. Біздің мақсатымыз – сіздерге бала тәрбиесі мен дамуына қатысты қолдау көрсету және бірге тиімді жұмыс істеу.

Танысу тренингі «Мен туралы үш сөз»

Әр ата-ана өзін таныстырып:

- аты-жөнін;
- баласының атын және жасын;
- өзін сипаттайтын үш сөзді айтады.

«Күту ағашы» жаттығуы

Ата-аналарға түрлі-түсті жапырақшалар таратылады. Олар:

«Консультациялық пункттен не күтесіз?» деген сұраққа қысқаша жауап жазып, ағаштың суретіне жапсырады.

Қорытынды

– Құрметті ата-аналар! Бүгінгі танысуымыз өзара түсіністік пен сенімге бастау болады деп сенеміз. Баланың жан-жақты дамуы үшін отбасы мен балабақшаның бірлескен еңбегі өте маңызды. Белсенді қатысқандарыңызға рақмет! Бірге жұмыс істеп, балаларымыздың жарқын болашағына үлес қосайық.

